

Қазақстан Республикасы үшін Томск политехникалық университетінде инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 9 қаңтар 1995 ж. N 23

Республиканың өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін жоғары білікті мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Томск политехникалық университетінде Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары үшін ғылыми және инженер-техник кадрларын даярлау және осы университеттің республика жоғары оқу орындарына әдістемелік көмек көрсетуі туралы Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясының, "Қазметалл" акционерлік өнеркәсіп-қаржы компаниясының, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің және Томск политехникалық университетінің (Ресей Федерациясы) ұсынысы қабылдансын.

2. Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" Ұлттық акционерлік компаниясының және "Қазметалл" акционерлік өнеркәсіп-қаржы компаниясының Инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қор құру туралы ұсынысы мақұлданды. Аталған компаниялар осы қордың құрылтайшылары болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің жолдамасы бойынша Томск политехникалық университетінде оқып жүрген студенттер үшін жоғарыда аталған Инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қордың есебінен Томск политехникалық университетінің түлегі Қ.И. Сәтбаев атындағы республикалық стипендия тағайындау туралы аталған компаниялар мен Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің ұсынысымен келісілсін.

Томск политехникалық университетіндегі Қ.И. Сәтбаев атындағы стипендия туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

4. Қазақстан Республикасының білім министрлігі Инженерлік

және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қордың Кеңесімен бірлесіп, ұзақ мерзімді ынтымақтастық туралы Томск политехникалық университетімен шарт жасасу және Қазақстан Республикасы үшін инженерлік және ғылыми кадрлардың тиімді даярлануын, олардың кәсіпорындар мен ұйымдардың өтінімдеріне сәйкес қызметке орналастырылып, орнықтандырылуын қамтамасыз ететін құжаттар пакетін бекітсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 9 қаңтардағы
N 23 қаулысымен
Бекітілген

Томск политехникалық университетіндегі Қ.И. Сәтбаев

атындағы стипендия туралы

Ереже

1. Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш Президенті, Томск политехникалық университетінің түлегі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев атындағы стипендия Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің жолдамасы бойынша Томск политехникалық университетінде оқитын студенттер үшін тағайындалады.

Оның мақсаты - Томск политехникалық университетінде Қазақстан Республикасы үшін Инженерлік және ғылыми кадрларды даярлаудағы ынтымақтастыққа, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы азаматтарының достығын нығайтуға жәрдемдесу.

2. Қ.И.Сәтбаев атындағы стипендия:
студенттер шығармашылық бастамасын дамытуды;
оларды ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмысқа тартуды;
жоғары үлгерім мен кәсіби сапаға жетуге ынталандыруды;
студенттерді белсенді қоғамдық жұмысқа ұмтылдыруды көздейді.

3. Қ.И.Сәтбаев атындағы стипендиялар жыл сайын беріліп тұрады, олардың санын Инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қордың кеңесі б е л г і л е й д і .

4. Қ.И.Сәтбаев атындағы стипендияны беру туралы шешім Томск политехникалық университеті факультеттерінің, Қазақстан Республикасының Білім министрі орынбасарының, Инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қор төрағасының (немесе оның орынбасарының) ұсыныстары негізінде қабылданады.

5. Стипендия негізгі стипендияның 200 проценті мөлшерінде белгіленіп, екінші курстан бастап бір оқу жылына беріледі.

6. Атамалы стипендиаттың жылына бір-екі рет шығыны Инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қордың қаражаты есебінен толық төленетін Қазақстанның кез келген ауданына барып-қайтуға, сондай-ақ шет елдерге оқуға

іссапармен жіберу кезінде басқа үміткерлерге қарағанда артықшылық алуға, факультет деканының ұсынысы бойынша шығармашылық іссапарлары үшін төлем ақыға құқығы бар .

7. Стипендияға төленетін қаражатты Инженерлік және ғылыми кадрлар даярлау жөніндегі республикалық қор бөледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ